

## ПЕДАГОГТАРДЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАУ ҮШІН КОНКУРС!!!

Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің “Жалпы білім беретін С.Датов атындағы №26 орта мектебі” мемлекеттік мекемесі . Атырау қаласы, Ақжар селосы С.Датов 1г Байланыс телефоны: 87122 39 73 42 электрондық почтасы datova26@mail.ru.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығына сәйкес тұрақты бос және уақытша бос лауазымдық орындарға оқытудың озық технологияларын меңгерген, бастаған ісінің нәтижесін көрсете алатын, мектеп жүйесін жан-жақты дамыту үшін пән мұғалімдеріне, жас мамандарға төмендегі бірлік бойынша конкурс жариялайды.

### Бастауыш пәні мұғалімі - 16 сағат (уақытша 25.05.2025)

✔ Біліктілікке қойылатын талаптар:

Тиісті бейін бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімін растайтын құжат.

Құжаттарды қабылдау 2024 жылдың 22-30 қазан аралығында жүргізіледі.

Еңбек ақы мөлшері білім деңгейіне, еңбек өтіліне, біліктілік санатына байланысты төленеді.

✔ Қажетті құжаттар тізімі:

1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініші;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8.наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша шекті деңгейі кемінде 90% сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе Celta сертификаты (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) pass a; Delta (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (интернетке негізделген тест (IWT)) - 60-65 балл; болу керек.

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

13) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

Ψ Конкурса қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Ψ Осы Қағидалардың 118-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

✓ Конкурса Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін, конкурса барлық қажетті құжаттарды тапсырған мұғалімдер қатысады. Үміткерлер конкурса қатысу шығыстарын өз қаражат есебінен жүргізеді.

✓ Конкурса қатысу үшін құжаттарды конкурстық комиссияның қарауына Атырау қаласы, Ақжар селосы С.Датов 1г мекен-жайы бойынша № 26 С.Датов атындағы орта мектебінде қабылдау бөліміне құжат түрінде немесе [hr-nobd.edu.kz](http://hr-nobd.edu.kz) сайтына тіркеліп, жоғарыда көрсетілген құжаттарды тіркейсіз.

Жауапты маман: Лунара 87752627047